

**БЕКІТІЛГЕН**  
 «ЕСЖ» тауар биржасы» АҚ  
 Басқармасының шешімімен  
 (2017 жылғы 19 қыркүйектегі № 1094 хаттама)

**ЕРЕКШЕЛІК**

**W3DEXWV - Triticum Aestivum L. 3-сыныпты бидай, клейковинасы 23%, натурасы кемінде 710 г/л, жеткізу шарттары – EXW, тауарды 2017 жылғы қазанда жеткізе отырып**  
 (қосарланған қарсы аукцион режиміндегі биржалық сауда үшін)

**1. Терминдер мен анықтамалар**

<b>Биржа (ЕСЖ)</b>	«Еуразиялық Сауда Жүйесі» тауар биржасы» акционерлік қоғамы.																				
<b>Ерекшелік</b>	осы Triticum Aestivum L. 3-сыныпты бидайға арналған ерекшелік																				
<b>Клирингтік орталық</b>	«ЕСЖ Клирингтік орталығы» ЖШС																				
<b>Сауда қағидалары</b>	«ЕСЖ» тауар биржасы» АҚ Сауда қағидалары																				
<b>Клиринг қағидалары</b>	«ЕСЖ Клирингтік орталығы» ЖШС Клиринг қағидалары																				
<b>ҚҚА</b>	Қосарланған қарсы аукцион																				
<b>Тауар</b>	<p>Triticum Aestivum L. 3-сыныпты бидай, сапалық сипаттамалары:</p> <table border="1"> <thead> <tr> <th>Көрсеткіштің атауы</th> <th>Сипаттамасы мен нормасы</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>Күйі, түсі, иісі</td> <td>Сау, қызбаған күйде, өзіне тән түсімен, иісімен, залалданусыз.</td> </tr> <tr> <td>Натурасы, г/л, кемінде</td> <td>710</td> </tr> <tr> <td>Клейковинаның массалық үлесі, %, кемінде</td> <td>23</td> </tr> <tr> <td>Білгалдылығы, %, артық емес</td> <td>14,0</td> </tr> <tr> <td>Құлау саны, с, кемінде</td> <td>200</td> </tr> <tr> <td>Арамшөп қоспасы, %, артық емес</td> <td>2,0</td> </tr> <tr> <td>Дән қоспасы, %, артық емес</td> <td>4,5</td> </tr> <tr> <td>Құрғақ затқа шаққандағы ақуыздың массалық үлесі, %, кемінде</td> <td>12,0 және жоғары</td> </tr> <tr> <td>Өзге сапалық көрсеткіштері</td> <td>жеткізілетін үшінші сыныпты бидай үшін СТ РК 1046-2008-де белгіленген нормалар шегінде</td> </tr> </tbody> </table>	Көрсеткіштің атауы	Сипаттамасы мен нормасы	Күйі, түсі, иісі	Сау, қызбаған күйде, өзіне тән түсімен, иісімен, залалданусыз.	Натурасы, г/л, кемінде	710	Клейковинаның массалық үлесі, %, кемінде	23	Білгалдылығы, %, артық емес	14,0	Құлау саны, с, кемінде	200	Арамшөп қоспасы, %, артық емес	2,0	Дән қоспасы, %, артық емес	4,5	Құрғақ затқа шаққандағы ақуыздың массалық үлесі, %, кемінде	12,0 және жоғары	Өзге сапалық көрсеткіштері	жеткізілетін үшінші сыныпты бидай үшін СТ РК 1046-2008-де белгіленген нормалар шегінде
Көрсеткіштің атауы	Сипаттамасы мен нормасы																				
Күйі, түсі, иісі	Сау, қызбаған күйде, өзіне тән түсімен, иісімен, залалданусыз.																				
Натурасы, г/л, кемінде	710																				
Клейковинаның массалық үлесі, %, кемінде	23																				
Білгалдылығы, %, артық емес	14,0																				
Құлау саны, с, кемінде	200																				
Арамшөп қоспасы, %, артық емес	2,0																				
Дән қоспасы, %, артық емес	4,5																				
Құрғақ затқа шаққандағы ақуыздың массалық үлесі, %, кемінде	12,0 және жоғары																				
Өзге сапалық көрсеткіштері	жеткізілетін үшінші сыныпты бидай үшін СТ РК 1046-2008-де белгіленген нормалар шегінде																				

<b>Шарт</b>	Осы Ерекшеліктің талаптарында жасалған биржалық мәміле
<b>Шартқа қатысушы</b>	Осы Ерекшеліктің талаптарында мәміле жасаған сауда-саттыққа қатысушы

Осы Ерекшелікте тікелей көрсетілмеген терминдер Сауда қағидаларына, Клиринг қағидаларына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес түсініледі.

## 2. Жалпы ережелер

- 2.1. Тауар коды: W3DEXWV — 2017 жылғы қазанға арналған 3-сыныпты бидай жеткізілім шарты;
- 2.2. Сауда лоты – 68 метрлік тонна (1 вагон);
- 2.3. Жеткізілім партиясының ең аз көлемі – 68 метрлік тонна (1 вагон);
- 2.4. Буып-түю – үйінді түрінде;
- 2.5. Тауарға ақы төлеу мәміле сомасының 100% мөлшерінде орындау мерзімі кейінге қалдырылып, 2017 жылғы 14 қазанға дейін Клирингтік орталықтың банктік шотына жүргізіледі;
- 2.6. Тауар бағасы ҚҚС-ты қоса алғанда, теңгемен көрсетіледі;
- 2.7. Жеткізу шарттары – EXW;
- 2.8. Жеткізу орны – 2-қосымшаға сәйкес;
- 2.9. Тауарды жеткізу мерзімі Ерекшеліктің 3.1-тармағында көрсетілген мерзімде жүзеге асырылады;
- 2.10. Сатып алушының Тауарға құқықтары мынадай құжаттармен расталады:
  - 2.10.1. құжаттамалық астық қолхаттары бойынша: жасалған индоссаменттері бар астық қолхаты; астық қолхаттарының түпнұсқаларын қабылдау-беру актісі;
  - 2.10.2. электрондық астық қолхаттары бойынша: мәміле тарапының ЭЦҚ-сымен куәландырылған, не қағаз түрінде ұсынылған кезде мәміле тарапының мөрімен куәландырылған астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік электрондық тізілімінің ішкі веб-порталындағы (Жеке кабинет) жеке шоттан үзінді көшірме;
- 2.11. Биржалық қамтамасыз ету мөлшері – мәміленің (өтінімнің) болжамды сомасының 1 пайызы;
- 2.12. ҚҚА режимінде жасалатын Тауар бойынша биржалық мәміле осы Ерекшелікке 1-қосымша болып табылатын жеткізу шартының Үлгі нысанына қатаң сәйкес ресімделуге тиіс.
- 2.13. Осы Ерекшелік бойынша сауда сессиясы:
  - 2017 жылғы 21 қыркүйек.
  - Осы Ерекшелік бойынша соңғы сауда сессиясы – 2017 жылғы 21 қыркүйек.
- 2.14. Шарт бойынша міндеттемелерді тоқтату (соңғы сауда сессиясынан кейінгі клиринг күні) мынадай тәсілдердің бірімен жүзеге асырылады:
  - Мәмілені орындау: «төлемге қарсы жеткізу» – Сатушы шарт көлеміндегі тауарды Сатып алушыға беруге, ал Сатып алушы Ерекшелікте айқындалған тәртіппен Сатушыға берілген тауар көлеміне ақы төлеуге міндетті;
  - Мәмілені орындаудан бас тарту: орындаудан бас тартқан тарап адал тарапқа биржалық қамтамасыз ету мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті;
  - Шартқа қатысушының қарсы міндеттемелеріне клиринг жүргізу (жеткізілім шарттарының тізілімін (жұптарын) қалыптастыру).
- 2.15. Клирингтік орталық соңғы сауда сессиясы аяқталғаннан кейін барлық сауда сессияларының қорытындылары бойынша Шартқа қатысушылар міндеттемелерінің тізілімін қалыптастырады және 2017 жылғы 25 қыркүйектен кешіктірмей оны Шартқа қатысушылардың барлығына Ерекшеліктің 2.14-тармағына сәйкес таңдаған міндеттемелерді тоқтату тәсілін растау қажеттігі туралы хабарламамен бірге жібереді.
- 2.16. 2017 жылғы 30 қыркүйекке дейін Шартқа қатысушы электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы Клирингтік орталықты өзі таңдаған міндеттемелерді тоқтату тәсілі туралы хабардар етеді. Көрсетілген хабарлама Шартқа қатысушыдан Клирингтік орталыққа түспеген жағдайда, Шартқа қатысушы мәмілені орындау туралы шешім қабылдады деп танылады.
- 2.17. Егер Шартқа қатысушы Клирингтік орталыққа шарт бойынша міндеттемелерді қарсы міндеттемелерге клиринг жүргізу жолымен тоқтатуды таңдағаны туралы хабарласа, мұндай хабарламамен Шартқа қатысушы Клирингтік орталыққа:

- осы шарт бойынша клиринг жүргізуге, оның қорытындылары бойынша Шартқа қатысушының міндеттемелері қарсы біртекті талаптарды есепке жатқызу арқылы толық немесе ішінара тоқтатылуға;  
 - есепке жатқызу аяқталғаннан кейін пайда болған жаңа міндеттемелер мен талаптарды клирингке қатысушы үшін айқындауға уәкілеттік береді.

Жүргізілген клиринг қорытындылары бойынша жаңа міндеттемелер мен талаптарды растау ретінде Клирингтік орталық клиринг аяқталғаннан кейін \_\_ күн ішінде Шартқа қатысушыға өзара есепке жатқызуға қатысқан шарттар тізілімін, есепке жатқызудың қорытындыларын және соңғылары туындаған жағдайда есепке жатқызу аяқталғаннан кейін пайда болған Шартқа қатысушының жаңа міндеттемелері мен талаптарын ұсынады.

Клирингтік орталық 2017 жылғы 05 қазанда клиринг жүргізеді.

2.18. Егер Шартқа қатысушы Клирингтік орталыққа шарт бойынша міндеттемелерді мәмілені орындаудан бас тарту жолымен тоқтатуды таңдағаны туралы хабарласа, бұл Шартқа қатысушы хабарлама жіберілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жәбірленуші тарапқа айыппұл төлеуге міндетті.

2.19. Егер Шартқа қатысушы Клирингтік орталыққа шарт бойынша міндеттемелерді мәмілені орындау жолымен тоқтатуды таңдағаны туралы хабарласа, бұл Шартқа қатысушы хабарлама жіберілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде өзінің контрагентімен шартқа қол қоюға міндетті.

### 3. Мәміле бойынша тауарға ақы төлеу және жеткізу мерзімдері

3.1. ҚҚА мәмілесін орындау тауарға ақы төлеу және жеткізу бойынша мынадай мерзімдерде жүзеге асырылады:

Шартқа қол қою	2017 жылғы 10 қазанға дейін
T+d 16:00-ге дейін (2017 жылғы 14 қазанға дейін)	Сатып алушының ақшаны Клирингтік орталықтың банктік шотына аудару мерзімі («тауар үшін алдын ала төлем» ретінде)
T+d+c 16:00-ге дейін (2017 жылғы 19 қазанға дейін)	Сатушының тауарды жеткізу мерзімі
T+d+c+2	Сатып алушының тауарға ақы төлеу мерзімі (Клирингтік орталықтың Сатып алушының ақшасын Тауар Сатушысына аударуы)
Мәміле бойынша барлық міндеттемелерді орындау. Биржалық қамтамасыз етуді бұғаттан шығару.	2017 жылғы 20-22 қазан аралығы

мұндағы «Т» – 2017 жылғы 10 қазан.

«d» – «3» жұмыс күні,

«с» – «3» жұмыс күні,

цифрлар – жұмыс күндерінің саны.

3.2. Тауарды жеткізу жүзеге асырылады:

3.2.1. құжаттамалық астық қолхаттары бойынша: Ерекшелікте көзделген талаптарда Сатушыдан немесе Жеткізушіден Жүк алушыға бланкілік индоссаменті бар астық қолхатын беру арқылы;

3.2.2. электрондық астық қолхаты бойынша: астық қолхаты ұстаушысының мемлекеттік электрондық тізілімінің ішкі веб-порталындағы Жеке кабинетте астық қолхаты ұстаушының астық қолхатын сатуға/сатып алуға арналған бұйрығын тіркеуі арқылы, бұйрықта сатып алушы клиенттің ЖСН/БСН-ін және астық қолхатының сату бағасын көрсете отырып. Бұдан кейін жүк алушы Жеке кабинетте «Қол қойылуда» мәртебесі бар бұйрыққа жүк алушының ЭЦҚ-сын пайдалана отырып қол қояды. Бұл ретте ақпараттық жүйедегі бұйрық мәртебесі «Қол қойылды» болып өзгереді, ал тізілімде астық қолхаты астық қолхаты ұстаушының жеке шотында «Сатылды» мәртебесімен және сатып алушы клиенттің жеке шотында «Белсенді» мәртебесімен көрсетіледі.

### 4. Ерекшелікке өзгерістер мен толықтырулар енгізу

4.1. Биржа Ерекшелікке өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы.

4.2. Ерекшелікке енгізілген өзгерістер мен толықтырулар оларды қамтитын Ерекшелік қолданысқа енгізілген кезден бастап күшіне енеді.

4.3. Өзгерістер мен толықтыруларды қамтитын Ерекшеліктің қолданысқа енгізілуі туралы ақпаратты Биржа сауда-саттыққа қатысушылардың назарына оны қолданысқа енгізуге дейін кемінде 1 (бір) сауда күні бұрын Биржаның сайтында жариялау арқылы жеткізеді.

### 1-қосымша

EXW талаптарындағы, орындалуы кейінге қалдырылған Triticum Aestivum L. 3-сыныпты бидайға арналған Ерекшелікке

## ҮЛГІ НЫСАН

### ШАРТ

#### бидайды жеткізу шарты № \_\_

\_\_\_\_\_ к. «\_\_» \_\_\_\_\_ 201\_\_ жылғы  
«\_\_\_\_\_» брокерлік компаниясы (мемлекеттік тіркеу туралы куәлік № \_\_\_\_\_, берген орган \_\_\_\_\_, берілген күні \_\_\_\_\_), \_\_\_\_\_ сәйкес уәкілеттік берілген \_\_\_\_\_ (лауазымы, Т.А.Ә.) атынан әрекет ететін және осы шарттық қатынастарда тек өз клиенті – «\_\_\_\_\_» ЖШС/АҚ мүддесінде және соның есебінен әрекет ететін,

төменде көрсетілген клиентке қатысты жолдар брокерлік компания өз мүддесінде әрекет ететін жағдайда толтырылмайды: мемлекеттік тіркеу туралы куәлік № \_\_\_\_\_, берген орган \_\_\_\_\_, берілген күні \_\_\_\_\_, олардың арасында жасалған «\_\_» \_\_\_\_\_ 201\_\_ жылғы № \_\_\_\_\_ брокерлік қызмет көрсету шартына және «\_\_» \_\_\_\_\_ 201\_\_ жылғы № \_\_\_\_\_ сатуға тапсырмаға сәйкес,

бұдан әрі «Сатушы» деп аталатын, бір тараптан,

және

«\_\_\_\_\_» брокерлік компаниясы (мемлекеттік тіркеу туралы куәлік № \_\_\_\_\_, берген орган \_\_\_\_\_, берілген күні \_\_\_\_\_), \_\_\_\_\_ сәйкес уәкілеттік берілген \_\_\_\_\_ (Т.А.Ә., лауазымы) атынан әрекет ететін және осы шарттық қатынастарда тек өз клиенті – «\_\_\_\_\_1» ЖШС/АҚ мүддесінде және соның есебінен әрекет ететін,

төменде көрсетілген клиентке қатысты жолдар брокерлік компания өз мүддесінде әрекет ететін жағдайда толтырылмайды: мемлекеттік тіркеу туралы куәлік № \_\_\_\_\_, берген орган \_\_\_\_\_, берілген күні \_\_\_\_\_, олардың арасында жасалған «\_\_» \_\_\_\_\_ 201\_\_ жылғы № \_\_\_\_\_ брокерлік қызмет көрсету шартына және «\_\_» \_\_\_\_\_ 201\_\_ жылғы № \_\_\_\_\_ сатып алуға тапсырмаға сәйкес,

бұдан әрі «Сатып алушы» деп аталатын, екінші тараптан,

бұдан әрі бірлесіп «Тараптар», ал жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар, «ЕСЖ» тауар биржасы» АҚ ауыл шаруашылығы өнімі секциясында қосарланған қарсы аукцион режимінде биржалық сауда барысында жасалған және \_\_\_\_\_ күнгі № \_\_ мәміле туралы есеппен расталған биржалық мәмілені орындау үшін,

(егер Тараптардың міндеттемелері мен талаптары қарсы міндеттемелер мен талаптарды есепке жатқызу қорытындысы бойынша қалыптастырылған болса, онда мыналар көрсетілуге тиіс:

- өзара есепке жатқызуға қатысқан шарттар тізілімінің № және күні, есепке жатқызу нәтижелері және есепке жатқызу аяқталғаннан кейін пайда болған Шартқа қатысушының жаңа міндеттемелері мен талаптары көрсетілген, «ЕСЖ Клирингтік орталығы» ЖШС берген;

- көрсетілген тізілімге сәйкес міндеттемелері мен талаптары есепке жатқызылған Тараптардың мәміле туралы биржалық есептерінің № және күні).

осы Шартты (бұдан әрі – «Шарт») төмендегілер туралы жасасты:

### 1. ОСЫ ШАРТТА ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН ТЕРМИНДЕР

Тауар	Төмендегі сапалық сипаттамаларға сәйкес келетін бидай: Натурасы: мин. ___ г/л., Клейковинасы: мин. ___ %, Ылғалдылығы: макс. ___ %, Арамшөп қоспасы: макс. ___ %, Дән қоспасы: макс. ___ %, Жәндіктермен зақымдалғаны: макс. ___ %, Өзге сапалық көрсеткіштері СТ РК 1046-2008 «Бидай. Техникалық шарттар» талаптарында болуға тиіс.
Инкотермс	Инкотермс 2010. ICC № 715 жарияланым. Ұлттық және

	халықаралық саудада сауда терминдерін пайдалану жөніндегі ICC қағидалары.
EXW	EX Works («Франко зауыт») термині (...орынның атауы...) Инкотермске сәйкес. «Франко зауыт» термині Сатушы Тауарды өз кәсіпорнында немесе өзге аталған жерде (мысалы: зауытта, фабрикада, қоймада және т.б.) Сатып алушының иелігіне берген кезде жеткізу жөніндегі міндеттемелерін орындады деп есептелетінін білдіреді. Сатушы тауарды көлік құралына тиеуге, сондай-ақ тауарды экспортқа кедендік тазартуға жауап бермейді.
Тауарды босату орны	«» ЖШС элеваторы
ҚҚС	Қосылған құн салығы
ҚР	Қазақстан Республикасы
Биржа	№ 1000001 2010 жылғы 01.02. лицензиясы негізінде ҚР Индустрия және сауда министрлігі Сауда комитетінің құзыреті шегінде биржалық сауданы ұйымдастыруды және өткізуді жүзеге асыратын «ЕСЖ» тауар биржасы» АҚ.
Сауда қағидалары	Осы Шартқа Тараптар қол қойған күні қолданыста болатын, осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын және оның барлық Тараптары үшін міндетті «ЕСЖ» тауар биржасы» АҚ Сауда қағидалары.
Клиринг қағидалары	Осы Шартқа Тараптар қол қойған күні қолданыста болатын, осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын және оның барлық Тараптары үшін міндетті «ЕСЖ Клирингтік орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Клиринг қағидалары (Тауар Ерекшелігіне қайшы келмейтін бөлігінде).
Агент	Биржамен жасалған шартқа сәйкес Биржаның сауда секцияларында жасалған биржалық мәмілелер бойынша есеп айырысуды (клирингті) жүзеге асыратын «ЕСЖ Клирингтік орталығы» ЖШС. «ЕСЖ Клирингтік орталығы» ЖШС осы Шарттың тарабы болып табылмайды және Шарт Тараптарының міндеттемелері бойынша жауап бермейді. «ЕСЖ Клирингтік орталығы» ЖШС осы Шарт (Биржалық мәміле) бойынша Тараптардың міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ететін тұлға ретінде әрекет етеді және Клиринг қағидаларында белгіленген тәртіппен және талаптарда есеп айырысуға қатысады.
Жеткізуші	« _____ » ЖШС/АҚ (атауы, орналасқан жері, БСН, Кбе, банктік деректемелері, телефондары) – Сатушының клиенті.
Жүк жөнелтуші	« _____ » ЖШС/АҚ (атауы, орналасқан жері, БСН, Кбе, банктік деректемелері, телефондары) – Сатушының клиенті не ол көрсеткен тұлға.
Төлеуші	« _____ 1» ЖШС/АҚ (атауы, орналасқан жері, банктік деректемелері) – Сатып алушының клиенті.
Жүк алушы	« _____ 1» ЖШС/АҚ (атауы, орналасқан жері, БСН, Кбе, банктік деректемелері, телефондары) – Сатып алушының клиенті не ол көрсеткен тұлға.
Брокерлік қызмет көрсету шарты	мәнмәтінге қарай – брокер мен оның клиенті « _____ 1» ЖШС/АҚ (Төлеуші) арасында жасалған № _____ күнгі брокерлік қызмет көрсету шарты, ол клиенттің тиісті тапсырмасына сәйкес Биржаның сауда жүйесінде астықты сатып алуға/сатуға өтінім берудің тәртібін көздейді, не брокер мен оның клиенті « _____ »

	ЖШС/АҚ (Жеткізуші) арасында жасалған № _____ күнгі брокерлік қызмет көрсету шарты, ол клиенттің тиісті тапсырмасына сәйкес Биржаның сауда жүйесінде астықты сатып алуға/сатуға өтінім берудің тәртібін көздейді.
Биржалық мәміле	Сатып алушы мен Сатушы арасында Биржада қосарланған қарсы аукцион режимінде сауда барысында жасалған және осы Шартты Тараптардың жасасуына негіз болатын мәміле.
Тауардың Ерекшелігі	Биржа Басқармасының 2017 жылғы 19.09-дегі № 1094 хаттамасымен бекітілген, Биржалық мәміле жасалған күні қолданыста болатын, осы Шартқа қол қою кезінде талаптары міндетті және осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Тауардың Ерекшелігі.

## 2. ШАРТТЫҢ МӘНІ

2.1. Осы Шартқа сәйкес және оның талаптарында Сатушы EXW талаптарымен Тауарды сатады, ал Сатып алушы (Төлеуші) Тауарды қабылдап, ақысын төлейді.

2.2. Сатып алушы Тауарға меншік құқығын Сатушыдан келіп түскен астық қолхатын (қолхаттарын) сатуға арналған бұйрыққа (бұйрықтарға) (бұдан әрі – Бұйрық) астық қолхаттары ақпараттық жүйесінде ЭЦҚ пайдалана отырып қол қойылған сәттен бастап иеленеді / қағаз жеткізгіштегі астық қолхаты бойынша құқықтар берілген жағдайда – астық қолхатында индоссамент жасалған сәттен бастап.

2.3. Тауарды өткізу Сатып алушы (Төлеуші) осы Шарттың 5.2. және 5.3-тармақтарында көзделген міндеттемелерді толық орындағаннан кейін жүзеге асырылады.

## 3. ТАУАР БАҒАСЫ ЖӘНЕ ШАРТ СОМАСЫ

3.1. Осы Шарт бойынша Тауар бағасы Биржалық мәміле жөніндегі мәміле туралы есеппен айқындалады және 68 метрлік тонна (1 вагон) үшін \_\_\_\_\_ (\_\_\_\_\_) теңгені құрайды;

3.2. Шарттың жалпы сомасы \_\_\_\_\_ (\_\_\_\_\_) теңгені құрайды (бұдан әрі – Шарт сомасы).

## 4. ЖЕТКІЗУ ТАЛАПТАРЫ

4.1. Шарт бойынша Тауарды жеткізу EXW Incoterms 2010 талаптарында жүзеге асырылады.

4.2. Сатушы Тауарды Сатып алушыға желілік лицензияланған элеватор қоймасынан (T+d+c) 16:00-ге дейінгі мерзімде береді.

## 5. ЕСЕП АЙЫРЫСУ ТӘРТІБІ

5.1. Тараптар осы Шарт бойынша төлем осы Шартта және Клиринг қағидаларында белгіленген тәртіппен Агенттің банктік шоты арқылы қолма-қол ақшасыз нысанда жүргізілетінімен келіседі.

5.2. Сатып алушы Шарт сомасын Агенттің банктік шотына 100 % (жүз пайыз) алдын ала төлем түрінде аударады (не Төлеушінің аударуын қамтамасыз етеді):

«ЕСЖ Клирингтік орталығы» ЖШС.

БСН 090840000906,

Ағымдағы шот: KZ606010131000136606

БСК: HSBKKZKX,

Кбе 17

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ.

5.3. Осы Шарттың 5.2-тармағында көзделген Сатып алушының Шарт сомасын Агенттің банктік шотына аударуы мәміле туралы есеппен расталған биржалық мәміле жасалған күннен бастап \_\_\_ (\_\_\_\_) күн ішінде жүргізіледі. Бұл мерзім Тауардың Ерекшелігіне сәйкес мына формула бойынша айқындалады: мерзім = (T+d) 16:00-ге дейін.

5.4. Агент жеткізілген Тауар құнының сомасын Клиринг қағидаларында және Ерекшелікте белгіленген талаптарда, мерзімдерде және тәртіппен Сатушының банктік шотына аударады.

5.5. Агенттің Тараптардың пайдасына кепілдік қамтамасыз ету сомасын төлеуі немесе қайтаруы Клиринг қағидаларында белгіленген рәсімге сәйкес жүргізіледі.

5.6. Клиринг қағидаларында көзделген жағдайларда және тәртіппен Агент Төлеушіге оның Агенттің банктік шотына бұрын аударған Шарт сомасын толық немесе ішінара қайтарады (Сатушы Тауарды жеткізбеген кезде; артық төлем болған жағдайда).

## 6. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

6.1. Осы Шарттың Тараптары осы Шартта, сондай-ақ Сауда қағидалары мен Клиринг қағидаларында белгіленген міндеттерді орындауға және құқықтарды пайдалануға келіседі.

6.2. Сатушы міндеттенеді:

6.2.1. ҚР заңнамасында және Клиринг қағидаларында көзделген рәсімдерді сақтай отырып, Тауарды осы Шарттың 4.2-тармағында көрсетілген мерзімде Сатып алушыға беруге.

Бұл ретте Сатушының Тауарды Сатып алушыға беру жөніндегі міндеттемелері тиісті түрде ресімделген астық қолхатында тапсыру жазбасы (индоссамент) жасалып, астық қолхаты Сатып алушыға астық қолхатын қабылдау-беру актісі бойынша берілген сәттен бастап орындалған болып есептеледі; электрондық астық қолхаттары бойынша: астық қолхаты ұстаушысының мемлекеттік электрондық тізілімінің ішкі веб-порталында (Жеке кабинетте) астық қолхатын сатуға/сатып алуға арналған бұйрықты тіркеу арқылы, бұйрықта Сатып алушы (Жүк алушы) клиентінің ЖСН/БСН-ін және астық қолхатының сату бағасын көрсете отырып. Бұдан кейін Жеке кабинетте Сатып алушының (Жүк алушының) ЭЦҚ-сын пайдалана отырып, «Қол қойылуда» мәртебесі бар бұйрыққа қол қою жүзеге асырылады.

6.2.2. Клиринг қағидаларында белгіленген мерзімдерде және тәртіппен Агентке астық қолхатын қабылдау-беру актісінің көшірмесін ұсынуға.

6.2.3. Клиринг қағидаларының өзге де талаптарын уақтылы және тиісінше орындауға.

6.3. Сатып алушы міндеттенеді:

6.3.1. Тауардың жалпы құнын Сатушыға осы Шарттың 5.2., 5.3-тармақтарында көзделген тәртіппен төлеуге (не Төлеушінің төлеуін қамтамасыз етуге);

6.3.2. Клиринг қағидаларында белгіленген мерзімдерде және тәртіппен Агентке астық қолхатын қабылдау-беру актісінің көшірмесін ұсынуға.

6.3.3. Клиринг қағидаларының өзге де талаптарын уақтылы және тиісінше орындауға.

## **7. ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ**

7.1. Осы Шарт Биржалық мәміле жасалған күннен бастап күшіне енеді.

7.2. Шарттың қолданылу мерзімі биржалық мәміле жасалған күннен бастап айқындалады және Тараптар өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін не Клиринг қағидаларында көзделген негіздер бойынша тоқтатылғанға дейін қолданылады.

7.3. Шарт Тараптардың келісімі бойынша бұзылуы мүмкін. Егер Шарт Биржада тіркелген болса, Шартты бұзу туралы келісім ол Биржада тіркелген сәттен бастап жасалған болып есептеледі.

## **8. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ**

8.1. Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерді тиісінше орындамағаны үшін ҚР қолданыстағы заңнамасына, осы Шарттың талаптарына, сондай-ақ Сауда қағидалары мен Клиринг қағидаларына сәйкес жауапты болады.

8.2. Мәміле тарапы – Сатып алушы жеткізу шарты бойынша алдын ала төлемнің толық сомасын уақтылы аудармаған және мәміле тарабы – Сатушыға жеделхат ұсынбаған жағдайда, Мәміле тарабы – Сатып алушы мәміле бойынша өз міндеттемелерін орындамауына байланысты жосықсыз Тарап деп танылады.

Агент бұл туралы Клиринг қағидаларында айқындалған мерзімде Мәміле тарабы – Сатушыны хабардар етеді және келесі сауда күнінің аяқталуынан кешіктірмей жәбірленуші Тарапқа жосықсыз Тараптың кепілдік қамтамасыз ету сомасын айыппұл ретінде аударады. Бұл ретте мәміле бойынша Тараптардың міндеттемелері тоқтатылады, бұл осы Шарттың күшін жоюға негіз болып табылады.

8.3. Мәміле тарабы – Сатушы Агентке және/немесе Мәміле тарабы – Сатып алушыға жеткізу құжаттарын уақтылы ұсынбаған/ұсынбаған жағдайда, Мәміле тарабы – Сатушы жосықсыз Тарап деп танылады.

Агент T+d+c күнінен кейінгі сауда күні аяқталғанға дейін жәбірленуші Тарапқа айыппұл ретінде жосықсыз Тараптың биржалық қамтамасыз ету сомасын аударады.

Жеткізу құжаттары Тауардың Ерекшелігінде және Клиринг қағидаларында көрсетілген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда, Мәміле тарабы – Сатушы өзі жеткізбеген Тауар көлемі бойынша (толық немесе ішінара) жосықсыз Тарап деп танылады.

Агент Клиринг қағидаларында көрсетілген хабарламалар жіберілген күннен кейінгі келесі сауда күні аяқталғанға дейін жәбірленуші Тарапқа айыппұл ретінде жосықсыз Тараптың биржалық қамтамасыз ету

сомасын жосықсыз Тарап жеткізбеген Тауар көлемінің мөлшеріне еселенген мөлшерде аударады. Бұл ретте мәміле бойынша Тараптардың міндеттемелері тоқтатылады.

## 9. ФОРС-МАЖОР

9.1. Егер Шартта қамтылған міндеттемелердің ішінара немесе толық орындалмауы осы Шарт жасалғаннан кейін туындаған еңсерілмейтін күш әсерінің немесе Тараптар алдын ала болжай да, қолжетімді тәсілдермен алдын ала болдырмай да алмаған төтенше мән-жайлардың нәтижесі болса және бұл мән-жайлар Тараптардың еркіне байланысты болмай, Тараптардың біреуінің Шарт бойынша міндеттемелерін орындауын мүмкін етпесе, Тараптар жауапкершіліктен босатылады. Мұндай мән-жайларға су тасқыны, өрт, жер сілкінісі және табиғаттың өзге де құбылыстары, әскери іс-қимылдар, тасымалдауды жүзеге асыруға кедергі келтіретін мән-жайлар, сондай-ақ Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға тыйым салатын немесе өзгеше түрде кедергі келтіретін мемлекеттік органдардың актілері не әрекеттері жатады.

9.2. Еңсерілмейтін күш мән-жайларының басталуы құзыретті органның/ұйымның тиісті құжатымен расталуға тиіс. Хабарламада мән-жайлардың сипаты туралы, сондай-ақ мүмкін болған жағдайда олардың Тараптың Шарт бойынша міндеттемелерін орындауына ықпалы және бұл міндеттемелердің орындалуы мүмкін мерзімдер туралы ақпарат қамтылуға тиіс.

9.3. Форс-мажор мән-жайлары салдарынан Шарт бойынша міндеттемелерді орындай алмайтын Тарап Шарт ережелерінің орындалмауын мүмкіндігінше тезірек жою үшін бар күш-жігерін салуға міндеттенеді.

9.4. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда Шарт бойынша міндеттемелерді орындау осы мән-жайлар мен олардың салдары қолданылған уақыт кезеңіне сәйкес кейінге жылжытылады, ал Шарттың қолданылу мерзімі тиісті уақыт аралығына ұзартылады.

9.5. Егер Тараптардың Шарт бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара орындауының мүмкін еместігі 3 (үш) айдан астам уақыт сақталатын болса, онда Тараптар өзара есеп айырысу жүргізіп, Шартты бұзуға құқылы.

## 10. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ

10.1. Тараптар Шарттан туындайтын немесе соған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктерді немесе дауларды тікелей келіссөздер барысында бейбіт жолмен шешу үшін бар күш-жігерін салуға тиіс.

10.2. Шарттан туындайтын және/немесе соған байланысты кез келген даулар және/немесе келіспеушіліктер, оның ішінде оның жарамдылығы, жасалуы, орындалуы, өзгертілуі және бұзылуы туралы мәселелер, бірақ олармен шектелмей, Биржаның тұрақты жұмыс істейтін биржалық төрелігінде түпкілікті реттелуге жатады.

## 11. ӨЗГЕ ТАЛАПТАР

11.1. Шарт биржалық мәміле жасалған күннен бастап күшіне енеді және Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

11.2. Шартқа барлық толықтырулар мен өзгерістер оның ажырамас бөлігі болып табылатын қосымша келісімдермен ресімделеді және егер олар жазбаша түрде ресімделіп, екі Тараптың уәкілетті өкілдері қол қойған болса, жарамды деп есептеледі.

11.3. Шарт талаптарын орындау кезінде Сатып алушы Жеткізушінің жазбаша келісімінсіз Шарт бойынша өз міндеттемелері мен құқықтарын (талаптарын) үшінші тұлғаға беруге құқылы емес.

11.4. Шартта көзделмеген жағдайларда Тараптар ҚР қолданыстағы азаматтық заңнамасын басшылыққа алады.

## 12. ТАРАПТАРДЫҢ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

Сатушы: « _____ » ЖШС/АҚ Қазақстан Республикасы, қ., көш. БСН ОКПО, ОКЭД ҚҚС бойынша тіркеу туралы куәлік сериясы №, берілген күні Банктік деректемелері: Есеп айырысу шоты БСК	Сатып алушы: « _____ » ЖШС/АҚ Қазақстан Республикасы, қ., көш. БСН ОКПО, ОКЭД ҚҚС бойынша тіркеу туралы куәлік сериясы №, берілген күні Банктік деректемелері: Есеп айырысу шоты БСК
--	---

Кбе  
e-mail:  
тел/факс:  
  
Басшы:

Кбе  
e-mail:  
тел/факс:  
  
Басшы:

### 1-қосымша

бидайды жеткізу шартына

### Астық қолхаттарының түпнұсқаларын қабылдау-беру актісі

«\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ жылғы

бидайды жеткізу туралы «\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ жылғы №\_\_ шартқа

№ р / с	Астық қолхаттарының сериясы, бланк нөмірі	Астық қолхаттарының ағымдағы нөмірі мен күні	Астық кесінінің атауы	Дақыл түрі	Сыныбы	Егін жылы	Есепке алынған нақты салмақ, кг	Ылғалдылығы	Қоспалар	Қоспалар	Залдануы	иісі	түсі	типі	натурасы	клейковинасы	клейковинасы	шынылығы	ақуызы	өзге көрсеткіштер
№ р / с	Астық қолхаттарының сериясы, бланк нөмірі	Астық қолхаттарының ағымдағы нөмірі мен күні	Астық кесінінің атауы	Дақыл түрі	Сыныбы	Егін жылы	Есепке алынған нақты салмақ, кг	Ылғалдылығы	арам шөп	дәнді	Залдануы	иісі	түсі	типі	натурасы	%	шартты бірлік	шынылығы	ақуызы	өзге көрсеткіштер
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20	21
	Барлығы																			

Сатушы: \_\_\_\_\_ (компанияның атауы)

\_\_\_\_\_ негізінде әрекет ететін

\_\_\_\_\_ атынан

(қолы, астық қолхаттарын беретін уәкілетті тұлғаның Т.А.Ә., лауазымы)

Сатып алушы: \_\_\_\_\_ (компанияның атауы)

\_\_\_\_\_ негізінде әрекет ететін

\_\_\_\_\_ атынан

(қолы, астық қолхаттарын қабылдайтын уәкілетті тұлғаның Т.А.Ә., лауазымы)

**2-қосымша**

EXW талаптарындағы, орындалуы кейінге қалдырылған Triticum Aestivum L. 3-сыныпты бидайға арналған Ерекшелікке

№	Элеватор
1	АҚ «Джаркульский Элеватор»
2	ЖШС "Успенское ХПП"
3	ЖШС «Пешковский КХП»
4	ЖШС «GRANART»
5	ЖШС «Челгашинский элеватор»
6	ЖШС «Койбагорский элеватор»
7	ЖШС "Виталмар Астык"
8	ЖШС «Денисовское»
9	АҚ «Тобольский элеватор»
10	АҚ «Тогузакский элеватор»
11	ААҚ «Сарыкольский элеватор»
12	ЖШС "Иволга"
13	ЖШС «Аманкарагайский элеватор»
14	ЖШС AGROSTOCK
15	ЖШС Нан Абройы
16	АҚК Тулпар
17	АҚ Алтын Дэн
18	ЖШС Алтын Дан 2030
19	ЖШС Арша-2
20	ЖШС Жалтырский элеватор
21	ЖШС Бетеге У
22	ЖШС Макинский элеватор
23	ЖШС Кенесары Астык
24	ХБ № 1
25	ЖШС Есиль Дэн
26	ЖШС Урожай
27	ЖШС ХПП Уголки
28	ЖШС Достыкский элеватор
29	ЖШС Смирновский элеватор
30	ЖШС Смирновский пункт приемки и отгрузки зерна
31	ЖШС " Астык Коймалары ХБ7"
32	ЖШС Астык Коймалары ХБ2

33	ЖШС АЗКО
34	ЖШС "Атамекен Астык" (участок №1)
35	ЖШС Ишим-Гарант
36	ЖШС Ак Нан Север
37	ЖШС Астык Коймалары ХБ4"
38	ЖШС Атамекен Астык ст.Кайранкуль